



Автор: Арықбаева Жамила

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Отбасы және демографиялық өзгеріс. Синтаксис

Тақырып: Отбасы тәрбиесінің бала дамуында алатын орны

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу.
Сабақтың мақсаты:	Тыңдалған ақпаратты өмірлік жағдаяттармен салыстыра отырып, сипаттау, мазмұнын айту.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Топтық жұмыстар арқылы шығарманы талдайды, идеяға сай кейіпкерлер жүйесін анықтайды. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Отбасы, жанұя, тәртіп, тәрбие. Талқылауға арналған сұрақтар: Отбасының құндылығы қандай?
Күтілетін нәтиже:	- Оқушы тыңдалған мәтінге тақырып қоя алады, Мәтіннің мән, мазмұнын түсіне отырып, өмірлік мәселелермен байланыстыра алады.
Бағалау критерийлері:	- Тыңдалған мәтінге тақырып қоя алады; - Мәтіннің мән, мазмұнын түсінеді; - Сұрақтарға жауап бере алады;
Құндылықтарды дарыту:	«Отбасы оттан да ыстық» мақалына баулытып оқыту
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, бейнефильм, слайдтар
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	Қазақстандағы және әлемдегі демографиялық ахуал

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	І Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу Оқушыларды түгендеу Сабаққа зейінін аударту . Үй жұмысын тексеру. Қызығушылықты ояту. 1-тапсырма. Жұмбақты шеш. 1) Түп нұсқасы халық аты, екі шеткі әрпін қысқартса қазақтың қарты. (Ата) 2) 1) Түп нұсқасы халық аты, екі шеткі әрпін қысқартса қазақтың қарты. (Ананың ақ сүті) 3) Маған да, саған да, Жақын туыс бес адам. Үш әріптен тұратын. Онға оқы, солға оқы Өзгермейді еш одан. Бәрі-де өз жұртың Айтады, қане кім атын? (апа, аға, ата, ана, ата)	
Сабақтың ортасы (30 минут)	2-тапсырма. Алдын-ала мәтінді аудиожазбаға жазу. Тыңдалған мәтінді мазмұндау. Сұрақтарға жауап бер. 3-Тапсырма. Мақалдардың мазмұнын аш. 1. Інісі бардың тынысы бар, Ағасы бардың жағасы бар. 2. Төркін десе қыз төзбейді, Көкпек десе түйе төзбейді. 3. Апасының киген тонын сіңлісі де киер. 4. Қазаны басқаның қайғысы басқа. 5. Ата – баланың қорғаны. 6. Атаға баланың алалығы жоқ. «Кинометафора» әдісі. Көрсетілген видео жайлы өз ойларын ортаға салады. Жүппен жұмыс. Отбасы құндылықтарының сақталуы. Қазақ отбасыларының өзге ұлттарға қарағанда отбасы құндылықтарын сақтау ерекшеліктері.	https://egemen.kz/article/200453-otbasy---ulttynh-tiregi https://youtu.be/pjHmgyDGLX8

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (5 минут)	Кері байланыс. «Гүлді себет» Гүл бейнеленген қағазға оқушылар жалпы тақырып туралы және сабақ туралы өз ойларын жазады. Үй жұмысы: Отбасыңдағы «алтын ережелер» туралы жазып келу.	
Рефлексия	Сабақ мақсатына жетті, оқушылар жаңа сабақ туралы ойларын ортаға салды. Сабақ уақытында басталып, уақытымен аяқталды. Барлық жоспарланған жұмыс түрлері орындалды. кері байланыс жүргізіліп, бағаланды.	